

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө. Байқоңыров атындағы тау-кен және металлургия институты

Металлургия процестер, жылу техникасы және арнайы материалдардың
технологиялары

Камиев Мухамбет Альгельдиевич

Дипломдық жұмыстың

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБАСЫ

Тақырыбы: «Қазцинк» ЖШС жағдайында Айза-пешінде мысты
материалдарды балқыту»

5B070900 – Металлургия мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Металлургия процестер, жылу техникасы және арнайы материалдардың
технологиялары

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ:

МПЖжАМТ кафедра

меңгерушісі, PhD докторы,

техн. ғыл. кандидаты,

қауымдас профессор

Чепуштанова Т.А.

« 15 » 05 2019 г.

Дипломдық жұмыстың

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБАСЫ

Тақырыбы: «Қазцинк» ЖШС жағдайында Айза-пешінде мысты
материалдарды балқыту»

5B070900 – Металлургия

Орындаған:

Камиев М.

Ғылыми жетекшілері:

тех. ғыл. док., профессор

Ө.Ө. Байқоңырова

« 14 » 11 2019 ж.

«ҚР МШКҚӨҰО» РМК МӨЭҒӨБ

филиалы «Қазмеханообр» асыл

металлдар зертх. ғыл. қызм., PhD

Б.Н. Сүрімбаев

« 14 » 11 2019 ж.



Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Металлургия процестер, жылу техникасы және арнайы материалдардың
технологиялары

5B070900– Металлургия

БЕКІТЕМІН

МПЖАМТ кафедра
менгерушісі, PhD докторы,
техн. ғыл. кандидаты,
қауымдас профессор
Чепуштанова Т.А.

2019 ж.

Дипломдық жұмысты даярлауға

ТАПСЫРМА

Білім алушыға Камиев Мухамбет Альгельдиевич

Жұмыстың тақырыбы «Қазцинк» ЖІІС жағдайында Айза-нешінде мысты материалдарды балқыту»

Университет ректорының «08» қазан 2018 жылғы №1113-б бұйрығымен бекітілді

Орындалған жобаның өткізу мерзімі «30» сәуір 2019 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы мәліметтері мысты материалдарды автогенді Айза-нешінде штейнге балқыту процесінің параметрлері, бастапқы мәліметтер, шығын коэффициенттері «Қазмырыш» ЖІІС жағдайында алынды

Есеп-түсініктеме жазбаның талқылауға берілген сұрақтарының тізімі мен қысқаша диплом жұмысының мазмұны

а) мысты шикізатты штейнге балқыту процесінің теориясына шолу жасау, схемасын негіздеу, тиімді параметрлері мен көрсеткіштерін анықтау, металлургиялық есептерді шығару, жабдықтарды таңдау;

б) экономикалық бөлімдерін жасау.

Графикалық материалдардың тізімі PowerPoint форматында 12 слайд жасау

Ұсынылған негізгі әдебиеттер 16 амау

**Дипломдық жұмысты даярлау
КЕСТЕСІ**

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
Әдебиетке шолу	17.03.19	
Технологиялық схеманы негіздеу, параметрлерін таңдау	24.03.19	
Металлургиялық есептер	07.04.19	
Өндіріс экономикасы сұрақтары	12.05.19	

Дипломдық жұмыстың және оған қатысты диплом жұмысының бөлімдерінің
кеңесшілері мен қалып бақылаушының
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Экономика бөлімі	Тех. ғыл. док., профессор Ә.Ө. Байқоңырова	12.05.2019	
Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі	Тех. ғыл. док., профессор Ә.Ө. Байқоңырова	12.05.2019	
Норма бақылау	Көккөзов Д.Қ. Техника және технология магистрі	15.05.2019	

Ғылыми жетекшілері  Байқоңырова Ә.Ө.
 Сүрімбаев Б.Н.

Тапсырманы орындауға білім алушы  Камиев М.

Күні «11» 02 2019 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыстың 15 кесте, 16 пайдаланылған әдебиеттер тізімі бар түсіндірмелік жазбасы 33 бетті қамтиды.

Жұмыста «Казцинк» ЖШС жағдайында мыстың шикізаттарын Айза-пеште өңдеу сұрақтары қарастырылды.

Автогенді процестердің теориясы мен технологиясы бойынша әдебиетке шолулар жасалып, Айза-пешінде балқыту технологиясының ерекшеліктері анықталды.

Металлургиялық есептерден материалдық баланс және жылулық баланс есептері орындалды.

Экономикалық есептеулер өндірістің тиімділігін көрсететін есептерді орындау арқылы құрастырылды.

АННОТАЦИЯ

Дипломная работа содержит 16 пояснительную записку на 33 страницах с 15 таблицами и библиографическим списком из 16 названий.

В работе рассматривались вопросы переработки медного сырья в Айза-печи в условиях ТОО «Казцинк».

Выполнен литературный обзор по теории и технологии автогенных процессов и определены особенности выплавки штейна в Айза-печи.

Из металлургических расчетов выполнены материальный и тепловой балансы.

Экономические расчеты выполнены по определению экономической эффективности производства.

ANNOTATION

The thesis contains an explanatory note on 33 pages with 15 tables and a bibliographic list of 16 titles.

The paper considered the issues of processing copper raw materials in the Aisa-kiln in the conditions of Kazzinc LLP.

A literature review on the theory and technology of autogenous processes is carried out and features of smelting of matte in the Aisa-furnace are determined.

Material and heat balances have been met from metallurgical calculations.

Economic calculations performed on the definition of economic efficiency.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	9
1 Мыс өндірісінегі автогенді процестер	10
1.1 Мысты шикізаттарын балқыту бойынша автогенді технологиялардың түрлері	10
1.2 Айзасмелт процесінің басқа автогенді процестермен салыстырғандағы артықшылықтары	11
1.3 «Айзасмелт» технологиясының экологиялық тиімді жақтары	11
1.4 «Айзасмелт» технологиясының мысты және басқа түсті металдарды өндіру бойынша әлемдік тәжірибесі	12
2 Айзасмелт процесімен мыс қорытудың технологиясы	13
2.1 Айзасмелт мысты балқыту заводы жұмыстының сипаттамасы	13
2.2 «Айзасмелт» пешінің технологиялық және құрылымдық көрсеткіштері	13
3 Metallургиялық есептер	15
3.1 Мыстың сульфидті концентратын штейнға балқытудың материалдық баланс есебі	15
3.2 Жылулық баланс есебі	26
4 Экономикалық есептеулер мен еңбекті қорғау бөлімдері	31
4.1 Еңбек қорғау заңдары	31
ҚОРЫТЫНДЫ	32
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	33
Қосымша А – Айзасмелт технологиясы бойынша әлемдік ірі кәсіпорындар көрсеткіштері	34
Қосымша Б – Айзасмелт мысты балқыту процестің химизмі	35
Қосымша В – Экономикалық есептеулер	37
Қосымша Г – Жобаның экологиялық шаралары	58

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда әлемде мыстың сульфидті концентратын балқытудың негізгі әдісі – автогенді процестер болып табылады. Оның ішінде Ванюковтың сұйық ваннада балқыту процесі, Калдо конвертерінде балқыту, Мицубиси кешенді балқыту процесін, Норанда және Уоркра балқыту түрлерін, Оутокумпу-Оу фирмасының аспалы балқыту процестерін, оттекті-факельді балқытуды, австралиялық Айзасмелт және Аусмелт герметикалық жоғары тік цилиндрлі пештерде балқыту процестерін атап айтсақ болады. Мыс пирометаллургиясында елеулі орын алып, көп жылдардан бері шарпыма, кенді термиялық және шахталық пештерде балқыту процестерін өндірістен ығыстырып отырған бұл сульфидті материалдарға арналған автогенді процестер қазіргі кезде өз арасында бәсекелестік туындатып, тек ең тиімді және экологиялық талаптарға сай түрлері ғана өте қарқынды түрде әлемді жаулап алып жатқаны белгілі. Осындай ең тиімді және экологиялық таза процестердің алдыңғы шебінде Айзасмелт процесі тұр деп айтсақ болады. Бұл процесс соңғы жылдары әлемнің әртүрлі елдеріне таралып жатыр. Оның себебі дәстүрлі электр пешінде балқыту, шахталық пеште балқыту, шарпыма және тағы басқа пештерде балқыту кезінде орын алатын мыстың көп мөлшерде жоғалуы және шаңның түзілуі, меншікті өнімділіктің төмен болуы, көміртекті отындардың көп шығындалуы және газ көлемі үлкен болуы, газ құрамындағы күкірттің ангидридін мөлшерінің төмен (1,0-2,5 %) болуы, сондай-ақ, түсті металдардың (мырыш, қорғасын, кадмий, германий, рений және т.б.) шлакпен көп жоғалуы, зиянды шаңды-газды қоспалардың атмосфераға көп таралуы және экологиялық тұрғыдан қарағанда таза еместігі сияқты кемшіліктері – міне осылардың барлығы Айзасмелт пешінде салыстырмалы дұрыс жолға қойылған деуге болады. Сол себепті де бұл процесс қазіргі таңда сульфидті материалдарды өңдеуде экологиялық тазалығы, герметикалығы және жылуды толық пайдалануы және тағы да басқа артықшылықтары жағынан алдыңғы қатарлы тиімді процестердің бірі болып отыр [1-2].

Айзасмелт процесі қазіргі кезде Австралия, АҚШ, Бельгия, Германия, Ұлыбритания, Үндістан, Малайзия, Қытай, Перу, Замбия және Қазақстанның мыс және қорғасын қорыту зауыттарына енгізілген [3].

Осы дипломдық жұмыста «Казцинк» ЖШС жағдайында мыс концентратын Айзасмелт пешінде балқыту процесі зерттеледі.

1 Мыс өндірісінегі автогенді процестер

1.1 Мысты шикізаттарын балқыту бойынша автогенді технологиялардың түрлері

Дәстүрлі пирометаллургиялық процестерге жататын шағылдырғыш, кендітермиялық пеште және шахталық пеште мысты шикізаттарын балқыту процестері қазіргі заман талаптарын қанағаттандырмай отыр. Олардың әрқайсысына тоқтала кетейік. Шағылдырғыш пештердің негізгі кемшіліктеріне олардың меншікті өнімділігінің төмен болуы, көміртекті отындардың көп шығындалуы және газ көлемі үлкен болғанымен, оның құрамындағы күкірттің ангидридін мөлшерінің төмен (1,0-2,5 %) болуы, сондай-ақ, түсті металдардың (мырыш, қорғасын, кадмий, германий, рений және т.б.) шлакпен жоғалу мөлшерінің үлкен болуы, зиянды шаңды-газды қоспалардың атмосфераға көп таралуы және экологиялық тұрғыдан қарағанда таза еместігі жатады.

Кендітермиялық пеште мыстың концентратын балқытудың кемшілігі электр энергиясы мен электродтық массаның көп шығындалуымен, пеш герметизациясының нашар болуы әсерінен шығатын газдардағы күкірттің ангидридін мөлшері төмен болуымен сипатталады.

Шахталық пеште мыстың концентратын балқыту алдымен шикізатты кесектеу (брикеттеу немесе жентектеу) процестерін жүргізуді талап етеді. Бұл артық шығын.

Айтылған кемшіліктерді ескере отырып, сульфидті шикізаттарды өндіретін тиімді әдіс – автогенді процестер болатынына көз жеткізуге болады. Бұл әдістердің ең басты ерекшелігі мынада: ылғалдылығы 1-ден аспайтын ұсақ түйіршікті сульфидті шикізатты балқыту пешіне ауамен үрлегенде, шихта түйіршігі тез тұтанып, жанып, балқып, ваннаға сұйық қалпында жинала береді. Шихтаны балқытуға қажетті жылу сульфидтердің тотығып, жануынан пайда болады. Сондықтан балқыту процесіне басқа отын (көмір, мұнай, табиғи газ т.с.с) жұмсалмайды немесе аз жұмсалады.

Жаңа әдістердің жалпы технологиясы майда ұнтақталған сульфидті кен немесе концентратты ауамен үрлеп шашырата жандырып, одан бөлінген жылуды сол концентраттың өзін балқыту процесіне пайдалану.

Ғылыми зерттеу мен зауыт тәжірибелерінде жүргізілген бұл әдістердің сынақ нәтижелеріне қарағанда, кен немесе концентрат жанғанда бөлінетін жылу балқыту процесін молынан қамтамасыз ететіні анықталды. Бұл әдістің ерекше бір ыңғайлылығы: күйдіру, балқыту және металды болмаса оның қосындыларын ұшыру (возгонка процестері) бір пеште ғана атқарылады. Ал өнім жағын алатын болсақ, бұл жаңа әдістер қолданылып жүрген дәстүрлі шағылдыру немесе кендітермиялық пештерінен әлдеқайда озық, концентрат ішіндегі күкірттің 80-90 % пайдаланылып, одан күкірттің қышқылын алу тиімдірек болады [1-3].

1.2 Айзасмелт процесінің басқа автогенді процестермен салыстырғандағы артықшылықтары

Xstrata Copper (Австралия) компаниясының Айзасмелт технологиясы мысты штейн алу мақсатында да және оны конвертерлеу арқылы қара мысты алу мақсатында да қолданылуы мүмкін. Соңғы жағдайда екі агрегат бір біріне жалғастырыла орнатылады және олардың арасында балқымалар ағатындай етіп ағын өзек ұйымдастырылады.

Айзасмелт процестің басқа автогенді процестерден ерекшелігі – ол балқыту агрегатының құрылысының ерекшелігінде. Агрегат құрылысындағы ерекшеліктер мысты шикізаттарды штейнға балқыту процесінің техника-экономикалық, экологиялық көрсеткіштерін басқа процестермен салыстырғанда анағұрлым жақсартуға мүмкіндік берді. Оның ішінде, агрегат құрылысының компакттілігі мен толық герметизациясы сульфидті материалдардың тотығуынан бөлінген жылу мен ауа құрамындағы оттегіні толық пайдалануға, процесті жылдам жүргізуге, күкірттің газдардың атмосфераға таралуын болдырмауға, процесті автоматтандыруға мол мүмкіндік береді. Сондай-ақ, тұндыру агрегаттарының балқыту агрегатынан бөлек болуы шлакты-штейнді фазалардағы зат алмасу процестерінің толық аяқталуына, мыстың шлакпен жоғалуын азайтуға, шлак және штейнді фазалардың жақсы бөлінуіне мүмкіндік туғызады [2-4].

1.3 «Айзасмелт» технологиясының экологиялық тиімді жақтары

Маунт Айзадан алыс, тұрғындары аз аймақтарындағы қорғасын және мысты өндіретін кәсіпорындарынан шығатын газдардың құрамындағы күкірттің толық тотықсызданбауынан күкірттің газдарды атмосфераға шығару климаттың құрғауына әкеліп соғатын бірнеше факторларды туғызды. Өндіріс көлемінде күкірттің қышқылын өндіретін заводтар салуды жоспарлау үшін, күкірттің қышқылынан келетін пайда оны өндіретін зауыттарды салу мен пайдалануға кететін капиталдық шығындарды аз ақтауы мүмкін еді. Мұны мынадан көре аламыз: мысалы, Джордж Фишер зауытының қорғасын өндіру бойынша өнімділігі жылына 100000 т-дан 140000 т-ға дейін жетсе, күкірттің диоксидінің ауаға таралуы жылына 130000 т-ны құрайды. Сондықтан күкірттің қышқылын өндіретін зауыт салу, мысты балқыту зауыттарынан шығатын күкірттің газдың ауаға таралуын 95 %-ға қысқартуға мүмкіндік берді. Мыс зауыттарының шикізат құрамындағы негізгі компонентерді өнімге бөлу дәрежесі бойынша көрсеткіштер 1-ші кестеде көрсетілген [2-4].

1-кесте – Шикізат құрамындағы негізгі компоненттердің өнімге бөліну дәрежесі

Көрсеткіштер	Өнімге бөліну дәрежесі, %
Мысты өндірісі бойынша:	
-анодтық мысты қамыстың бөлінуі	97,0
-қара мыс құрамындағы мыстың мөлшері	99,0
-анодтық мыстың құрамындағы мыстың мөлшері	99,8
-күкірттің диоксидінің газбен шығуы	98,0
Маунт Айза зауыты бойынша:	
-күкірттің қышқылы өндірісіне түсетін технологиялық газдағы SO ₂ мөлшері	95,0
-газбен шығатын SO ₂ мөлшері	3,0

1.4 «Айзасмелт» технологиясының мысты және басқа түсті металдарды өндіру бойынша әлемдік тәжірибесі

Айзасмелт процесі балқымаға енгізілген фурманың есебінен таза, экономикалық тиімді балқыту процесіне жатады. Оның қарқыны өте жоғары әрі батырылған фурмасы арзан және жұмысты істеу принципі де күрделі емес. Оны мысты шикізаттарынан штейн немесе қарамысты алуға, қорғасын өндірісіне, никель, қалайы, мырыш және асыл металдар алуға қолдануға болады. Айзасмелт пешінің салыстырмалы диаметрі аз болса да, балқыту қарқыны жоғары болатындықтан, өнімділігі де жоғары болады. Құрылымның ауданы кіші болғандықтан оны орнатуға, техникалық жөндеу жұмыстарына аз шығын кетіре отырып, экономикалық пайда табуға болады. Айзасмелт процесі әлемнің ең ірі қорғасын және мысты балқыту зауыттарына енгізілді, оның ішінде Австралия, АҚШ, Бельгия, Германия, Ұлыбритания, Үндістан, Малайзия, Қытай, Перу, Замбия және Қазақстан. Айзасмелт технологиясының кейбір әлемдік ірі зауыттардағы көрсеткіштері Қосымша А-да келтірілген.

Айзасмелт технологиясы өте үйлесімді болып келеді және тұтынушының қалауынша минималды капиталды шығындарды талап етеді. Үрлеу құрамын оттегімен 21 %-дан 90 %-ға дейін байытуға болады. Сонымен қатар, ол мысты, қорғасын және тағы да басқа түсті металдардың кендік шикізаттарын және қайталама шикізаттарын өңдеуге мүмкіндік береді. Екінші жағдайда қолдану барысында қоспа заттарды ұшыру арқылы ұшқыш элементтерді тез бөліп алуға болады. Айзасмелт агрегатының жұмысын тоқтату мен қайта іске қосу жүйесінің қарапайым болуы оның тағы да бір ерекшелігіне жатады. Айзасмелт технологиясымен ауа ағынында немесе егер бұл қажет болса, қатты отын беру арқылы, кендік концентраттар, құрамында металл бар қалдықтар мен ломдарды да өңдеуге болады [4-5].

2 Айзасмелт процесімен мыс қорытудың технологиясы

2.1 Айзасмелт мыс балқыту заводы жұмысының сипаттамасы

Қазақстан барлық аумаққа тараған пайдалы қазбаларға бай елдер қатарына кіреді. «Қазцинк» ЖШС республиканың ең ірі металлургиялық кәсіпорындарының бірі және мырыштың толық интеграцияланған өндірушісі болып табылады.

Мысты балқыту цехы және электролиз цехы үшін жаңа зауыт керек болды. 2011 жылдың шілдесінде Өскемен металлургиялық кешенінің аумағында (Өскемен қаласы) жаңа Айзасмелт мысты балқытатын пеш жұмыс істей бастады.

ӨК МК Айзасмелт мыс балқыту зауытында Айзасмелт мысты балқыту пешіне қоса шихтаны беру және шығатын газдар мен пештің ішінде түзілетін балқытылған өнімдерді тасымалдау қызметтері қамтамасыз етілген. Әр түрлі концентраттар шихта дайындау цехында араластырылады және түзілген шихта көпірлі грейферлік кранның көмегімен шихтаға арналған екі бункердің біріне жүктеледі. Бункерден алынған шихта Айзасмелт мысты балқыту пешіне тиеледі. Балқытуға қажетті көмірді, әктасты, флюсті және кремнеземді флюсті жинақтаушы конвейерге, одан кейін Айзасмелт мысты балқыту пешіне жіберу үшін де бункерлер қолданылады. Ылғал шихта соңғы конвейерден пештің күмбезіндегі үрлегіш саңылауға, сонан соң фурмамен араластырылатын балқыту ваннасына жүктеледі. Пеш күмбезі жою қазанының да құраушы бөлігі болып табылады.

Айзасмелт пешінде алынатын штейн мен шлак кезеңді түрде пештің табанында орналасқан, сумен салқындатылатын жалаң блоктардан шығарылады. Бұл материалдар Айзасмелт пешінің жанында орналасқан электр пеште тұндырғыш пешіне ағады. Штейннің жобалық құрамы 60 % құрайды, бірақ «Қазцинк» өндірісінде анықталғандай, штейннің құрамындағы Si мөлшері 55-58 % болғанда өндірістің тиімді балансына қол жеткізуге болады.

Процестегі шаңды газдар пештен Айзасмелт мысты балқыту пешінің күмбезіндегі саңылау арқылы шығады және жою қазанына өтеді. Салқындатылған газ жою қазанынан шамамен 350 °C-қа жуық температурада шығады, содан кейін электрлі сүзгіде шаңнан тазартылады. Айзасмелт мысты балқыту процестің химизмі Қосымша Б-да келтірілген [5-6].

2.2 «Айзасмелт» пешінің технологиялық және құрылымдық көрсеткіштері

ӨК МК Айзасмелт қорғасынды және мысты пештері негізінен шамамен биіктігі 12 м, ішкі диаметрі бойынша 4,6 м болатын вертикаль орналасқан болат цилиндрден құралған. Хромомагнетитті отқа төзімді қаптамасы бар пештің ішкі жұмысшы диаметрі 3,5 м құрайды. Пеш күмбезі жою қазанының құбырлы мембаранасынан құралған. Бұл жою-қазаны айналым жүйесінің элементі және

оның жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Күмбезде фурманы, жылжымайтын оттық және материалдарды жүктеуге арналған саңылаулар бар. Пеш ішіндегі газөткізгіштің табанында газөткізгішті шашыраудан қорғауға арналған қосымша мысты блок бар. Пеш автоматты басқарылатын сынама алғышпен қамтамасыздандырылған, ол пешке жылдам енгізіледі және шлакты ваннаның деңгейін және тұтқырлықты тексеру үшін кері шығарылады.

Айзасмелт агрегатының негізгі бөлшегі оның шлакты балқымаға батырылатын фурмасы болып табылады. Фурманың диаметрі 450 мм болғанда (үлкен) ол сенімдірек болады, себебі үрлеудің құрамындағы оттегін пайдалану жоғары. Фурмалардың тез тозуы, егер ол балқыма ваннасына терең батырылған болса, онда штейннің әсер етуінен болады. Сондықтан ол тек шлакты балқыманың деңгейіне батырылған түрде болуы қажет.

Айзасмелт пешінің жұмысты температурасы сұйық шлакты ваннаны сақтауға қажетті температураға дейін реттеледі, Айзасмелт мысты пеші үшін шамамен 1180 °C және Айзасмелт қорғасынды пеші үшін шамамен 1120 °C. Айзасмелт пештерінің шамамен жұмыс диапазоны берілген температурадан ± 10 °C шамасында. Тартпа детекторлары пештің жоғарғы жағында жүктеуіш саңылауының жанында орналасады.

Газ сорғышты бақылау атмосфераға түсетін ластаушы заттардың мөлшерін төмендету үшін маңызды болып табылады, сонымен бірге ауаны сору деңгейін төмендету мүмкіндігін береді [6-11].

Айзасмелт пешінің кейбір көрсеткіштері 2-кестеде келтірілген.

2- кесте – Айзасмелт пешінің кейбір көрсеткіштері

Көрсеткіш атаулары	Мәндері
Минималды жылдамдығы	80 т концентрат /сағ
Максималды жылдамдығы	160-170 т концентрат/сағ
Үрлеу құрамындағы оттегінің оптималды мөлшері	65 %
Пештің минималды кампаниясы	1-2 жыл
Пештің максималды кампаниясы	3-4 жыл
Шығатын газдардың жылдамдығы	15000 - 140000 м ³
Жою қазанына шығар жердегі газ температурасы	1200 - 1550 °C
Сәулелену камерасының соңындағы газ температурасы	600 - 900 °C
Конвекция бөлімінің соңындағы газ температурасы	350 - 400 °C
Газдың соңғы температурасы	80 °C
Күкірттің диоксидінің бөліну дәрежесі	97,4-99,8 %
Қоректендіретін су температурасы	105 - 140 °C
Бу қысымы	40 - 70 бар
Бу температурасы	250 - 285 °C
Бу жылдамдығы	10 - 90 т /сағ

3 Металлургиялық есептер

3.1 Мыстың сульфидті концентратын штейнға балқытудың материалдық баланс есебі

Концентраттың рационалдық құрамын есептейміз. Кендегі концентраттың химиялық құрамы, %: Cu - 28,5; Fe-26,8; S - 35,3; SiO₂ - 1,6; CaO - 0,35; MgO - 0,5; Al₂O₃- 0,3; Pb - 3,87; Zn-2,53; басқалары - 0,84. Есепті 100 кг концентратқа жүргіземіз. Минералогтардың қорытындысынан барлық кендегі халькопирит пен ковелиннің бірдей мөлшерін мыстың халькопирит пен ковелинге бөлінуіне есеп жүргіземіз.

Халькопирит құрамындағы мыстың мөлшері (CuFeS₂),%:

$$x = \frac{63,6 \cdot 100}{183,4} = 34,67 \%$$

Ковеллин құрамындағы мыстың мөлшері (CuS), %:

$$x = \frac{63,6 \cdot 100}{95,6} = 66,53 \%$$

Екі минералдың бірдей құрамына 34,67 кг мысқа 100 кг халькопирит пен 100 кг ковеллин кетеді, халькопирит пен ковеллин құрамында 66,53 кг мысты болады. Халькопирит пен ковелин құрамындағы мыстың мөлшерін анықтаймыз: 34,67 кг + 66,53 кг = 101,2 кг.

Халькопирит құрамындағы мыс: $x = \frac{34,67 \cdot 100}{101,2} = 34,68 \%$.

Ковеллин құрамындағы мыс: $x = \frac{66,53 \cdot 100}{101,2} = 65,32 \%$.

Алынған мәндерді 35%-тен 65%-ке дейін жуықтаймыз. Сонда 100 кг концентратта 28,5 кг мысты түзіледі, халькопирит түріндегі мыс және ковеллин түріндегі $28,5 \cdot 0,35 = 9,98$ кг мыс түзіледі.

100 кг концентрат құрамындағы халькопириттің мөлшері:

$$x = \frac{183,4 \cdot 9,98}{63,6} = 28,78 \text{ кг.}$$

Күкірттің тің мөлшері:

$$x = \frac{64 \cdot 28,78}{183,4} = 10,04 \text{ кг.}$$

Темірдің мөлшері:

$$x = \frac{55,8 \cdot 28,78}{183,4} = 8,76 \text{ кг.}$$

100 кг концентрат құрамындағы ковелиннің мөлшері:

$$x = \frac{95,6 \cdot 18,53}{63,6} = 27,85 \text{ кг.}$$

Күкірттің мөлшері:

$$x = \frac{32 \cdot 27,85}{95,6} = 9,32 \text{ кг.}$$

Пиритте темірдің байланысы: $26,8 - 8,76 = 18,04$ кг (Fe).

Пиритте күкірттің байланысы:

$$35,3 - (10,04 + 9,32 + 0,61 + 1,37) = 13,96 \text{ кг.}$$

100 кг концентратта пириттің түзілуі: $18,04 + 13,96 = 32 \text{ кг.}$

Күкірттің ZnS және PbS байланыс мөлшерін есептейміз:

$$x = \frac{32 \cdot 3,87}{207,2} = 0,60 \text{ кг (S) (PbS)-ке,}$$

$$x = \frac{32 \cdot 2,53}{65,4} = 1,24 \text{ кг (S) (ZnS)-ке.}$$


Алынған көрсеткіштерге байланысты концентраттың рационалдық құрамын 3- кестеге енгіземіз.

3- кесте –Мысты концентратының рационалдық құрамы, %

Минерал/ Компонент	CuFeS ₂	CuS	FeS ₂	PbS	ZnS	SiO ₂	CaO	MgO	Al ₂ O ₃	Басқала ры	Барлығы
Cu	9,98	18,53									28,51
Fe	8,76		18,04								26,8
Pb				3,87							3,87
Zn					2,53						2,53
S	10,04	9,32	13,96	0,60	1,37						35,29
SiO ₂						1,6					1,6
CaO							0,35				0,35
MgO								0,5			0,5
Al ₂ O ₃									0,3		0,3
Басқалары										0,25	0,25
Барлығы	28,78	27,85	32	4,58	4,18	1,63	0,47	0,4	0,5	0,84	100

Жоғары сульфидтерді қолданып, десульфуризацияны есептейміз. Балқу процесінде десульфуризация жоғары сульфидтердің диссоциациясымен жүзеге асады, қышқылды темір сульфидін оттегімен үрлеу сияқты.

Балқу процесінде халькопирит минералы келесідей ыдырайды:



Газ фазасына күкірттің тің өтуі: $\frac{28,78 \cdot 64,12}{4 \cdot 183,51} = 2,51 \text{ кг (S}_2\text{)}.$

Осыдан түзілетіні:

$$\frac{28,78 \cdot 2 \cdot 159,14}{4 \cdot 183,51} = 12,48 \text{ кг (Cu}_2\text{S)}.$$

және

$$\frac{28,78 \cdot 4 \cdot 87,91}{4 \cdot 183,51} = 13,79 \text{ кг (FeS)}.$$

Ковеллиннің ыдырауы:



Осы реакциядан газды фазаға күкірттің тің өтуі: $\frac{27,85 \cdot 64,12}{4 \cdot 95,6} = 4,67$ кг (S_2).

Осыдан түзілетіні: $\frac{27,85 \cdot 2 \cdot 159,14}{4 \cdot 95,6} = 23,18$ кг (Cu_2S).

Балку процесінде пириттің ыдырауы келесі реакция бойынша жүреді:



Осы реакциядан газды фазаға күкірттің өтуі: $\frac{32 \cdot 64,12}{2 \cdot 119,97} = 8,55$ кг (S_2).

Осыдан түзілетіні: $\frac{32 \cdot 2 \cdot 87,91}{2 \cdot 119,97} = 23,45$ кг (FeS).

Жоғары сульфидтің түзілуі үшін қажетті темір сульфидінің FeS мөлшері:
 $13,79 + 23,45 = 37,24$ кг.

Балку процесінде жоғары сульфидті диссоциациясында газдық фазаға өтетін күкірттің мөлшері:

$$2,51 + 8,55 + 4,67 = 15,73 \text{ кг.}$$

Элементарлы күкірттің қышқылдануы келесі реакция бойынша жүреді:



Бұл күкірттің қышқылдануына оттегі жұмсалады:

$$\frac{15,73 \cdot 2 \cdot 32}{64,12} = 15,70 \text{ кг } (\text{O}_2).$$

Штейн құрамының мөлшерін және десульфуризация дәрежесін есептейміз. Мыстытың штейндегі құрамын 60% деп аламыз. Айзасмелт мысты балқыту процесінде штейндегі мысты өндіру 95-98% құрайды. Штейнде мысты өндіруді 98% деп қабылдаймыз. Онда штейнге өтуі келесідей:

$$28,5 \cdot 0,98 = 27,93 \text{ кг } (\text{Cu}).$$

Шлакқа мыс мөлшерінің өтуі:

$$28,5 - 27,93 = 0,57 \text{ кг.}$$

Мысты шлакта Cu_2S түрінде кездеседі деп есептейік. Онда шлакқа мыспен бірге келесілер өтеді: $\frac{0,57 \cdot 32,06}{2 \cdot 63,54} = 0,14$ кг (S).

Штейн массасы: $\frac{27,93 \cdot 100}{60} = 46,55$ кг.

Мостович ережесіне сәйкес штейнде күкірттің орташа мөлшері 25 % құрайды. Штейндегі күкірттің массасы: $46,55 \cdot 0,25 = 11,64$ кг.

Барлық штейндегі мыс Cu_2S түріндегі күкіртпен байланысты. Күкірттің мөлшерінің штейндегі мыспен байланысы: $\frac{27,93 \cdot 32,06}{2 \cdot 63,54} = 7,05$ кг.

Штейндегі Cu_2S массасы: $\frac{27,93 \cdot 159,14}{2 \cdot 63,54} = 34,98 \text{ кг.}$

Зауыт практикасының мәліметіне сәйкес PbS 50 % штейнге өтеді, ал 50 % қышқылданады және шлакқа өтеді. Штейнге өтетін қорғасын массасы:
 $3,87 \cdot 0,5 = 1,94 \text{ кг Pb.}$

Зауыт практикасының мәліметіне сәйкес ZnS 30 % штейнге өтеді, ал 70 % қышқылданады және шлакқа өтеді. Штейнге өтетін мырыш массасы:
 $2,53 \cdot 0,3 = 0,76 \text{ кг (Zn).}$

Штейннің құрамында штейнге оттегі өткізетін белгілі мөлшерде магнетит ерітіледі. Штейндегі еріген оттегінің құрамы штейн құрамындағы мыстықа байланысты (4-кесте).

4- кесте – Штейндегі оттегінің құрамы, %

Штейндегі Cu %	5	10	20	30	40	45	50	60
Штейндегі O_2 %	7,14	6,54	5,18	4,21	3,02	2,49	1,9	0,7

4-кестедегідей, оттегінің штейндегі құрамы 60 % Cu құрамымен, ерітілген оттегінің штейндегі концентрациясы 0,7 % құрайды:

$$\frac{46,55 \cdot 0,7}{100} = 0,33 \text{ кг.}$$

49,92 кг штейнде магнетит мөлшерінің түзілуі: $\frac{0,33 \cdot 231,55}{64} = 1,20 \text{ кг.}$

Штейнде магнетит түрінде түзілетін темірдің мөлшері:

$$\frac{1,20 \cdot 3 \cdot 55,85}{231,55} = 0,87 \text{ кг.}$$

Штейндегі басқа құрамның 1% есептейміз: $\frac{45,73 \cdot 1}{99} = 0,46 \text{ кг.}$

Штейндегі темір массасының FeS -пен байланысы:

$$45,73 - 27,93 - 1,94 - 0,76 - 11,64 - 1,20 - 0,46 = 1,8 \text{ кг.}$$

Штейндегі темірдің жалпы мөлшері: $1,8 + 0,76 = 2,56 \text{ кг.}$

Алынған штейннің құрамы 5- кестеде көрсетілген.

5- кесте –Мысты штейннің құрамы

Компонент	Cu	Fe	Pb	Zn	S	O_2	Басқалары	Барлығы
Масса,кг	27,93	2,56	1,94	0,87	11,64	0,33	0,46	45,73
%	60,0	7,11	4,35	1,84	25	0,7	1,0	100,0

Концентраттан балку кезінде кететін күкірттің мөлшері:

$$35,3 - 0,14 - 11,64 = 23,52 \text{ кг.}$$


Балку процесіндегі десульфуризация дәрежесі: $\frac{23,52 \cdot 100}{35,3} = 66,62 \text{ \% .}$

Шлак құрамын есептейміз. Шлакқа өтетін темірдің мөлшері:

$$26,8 - 2,56 = 24,24 \text{ кг.}$$

Шлактағы оттегі мөлшерінің FeO-мен байланысы: $\frac{24,24 \cdot 16}{55,85} = 6,94$ кг.


Шартқа сәйкес 50% PbS реакция бойынша қышқылданады:



және PbO шлакқа өтеді. Шлакқа өтетін қорғасынның мөлшері: $3,87 \cdot 0,5 = 1,94$ кг.

Оттегімен байланысы: $\frac{1,94 \cdot 16}{207,2} = 0,15$ кг.

Шартқа сәйкес 70% ZnS келесі реакция бойынша қышқылданады:



Түзілген ZnO шлакқа өтеді. Шлакқа өтетін Zn мөлшері: $2,53 \cdot 0,7 = 1,77$ кг.

Оттегімен байланысы: $\frac{1,77 \cdot 16}{65,38} = 0,43$ кг.

Оттегінің шлактағы мөлшері: $6,94 + 0,15 + 0,43 = 7,52$ кг.

Шлактың SiO₂, CaO, MgO және Al₂O₃ компоненттері түгелімен шлакқа өзгеріссіз өтеді.

Басқа концентраттар шлакқа өтеді: $0,76 - 0,46 = 0,30$ кг.

Флюстің қоспасынсыз құрамы мен массасын негізге ала отырып есептейміз (6-кесте).

6- кесте – Флюстің қоспасынсыз шлактың құрамы мен мөлшері

Компонент	Cu	Fe	Pb	Zn	S	O ₂	SiO ₂	CaO	MgO	Al ₂ O ₃	Басқалар	Барлығы
Кг	0,57	24,24	1,94	1,77	0,14	7,52	1,6	0,35	0,5	0,3	0,38	39,31
%	1,45	61,66	4,94	4,5	0,36	19,13	4,07	0,90	1,27	0,76	0,96	100

Технологиялық регламентке сәйкес, балқыма пештен электр пешке өтетін шлактағы негізгі компоненттің қатынасы, %, масс:

Fe : SiO₂ : CaO = 36,48 : 31,87 : 3,52.

Алынған шлактың қатынасы:

Fe : SiO₂ : CaO = 60,26 : 4,22 : 1,22.

Бұл қатынастан көретініміз алынған шлак құрамында темір көп шығындалады. Шлак массасын осы компонент бойынша есептейміз:

$$\frac{24,24 \cdot 100}{36,48} = 66,45 \text{ кг.}$$

SiO₂ мен CaO-ның жетіспеуінен шихтаға кремнезем мен әктасты қосамыз. Құрғақ флюс құрамы 7-кестеде берілген.

7- кесте – Флюс құрамы

Алтын-силикатты кен		Әктас	
Компонент	Масса құрамы, %	Компонент	Масса құрамы, %
SiO ₂	83,62	CaO	51,0
Al ₂ O ₃	6,17	SiO ₂	1,23
MgO	1,66	Al ₂ O ₃	3,58
FeO	6,3	MgO	0,45
Басқалары	2,25	Басқалары	43,74

Шлакта түзілетін CaO мөлшері: $0,0352 \cdot 66,45 = 2,34$ кг.

Шлакқа қосылатын CaO мөлшері: $2,34 - 0,47 = 1,87$ кг.

Шихтаға қосылатын әктас мөлшері: $\frac{1,87 \cdot 100}{51,0} = 3,67$ кг.

Әктаспен бірге шлакқа өтетіндер:

SiO₂ – $0,0123 \cdot 3,67 = 0,05$ кг;

Al₂O₃ – $0,0358 \cdot 3,67 = 0,13$ кг;

MgO – $0,0045 \cdot 3,67 = 0,02$ кг.

CaO әктаста CaCO₃ карбонат түрінде кездесіп, балқу шартына сәйкес келесідей ыдырайды:



Нәтижесінде газдық фазаға CO₂ өтеді: $\frac{1,87 \cdot 44}{52,09} = 1,58$ кг.

Басқаларының саны: $3,67 - 1,58 - 0,02 - 0,13 - 0,05 - 1,87 = 0,02$ кг шлакқа өтеді.

Шлакта түзілетін SiO₂ мөлшері: $0,3187 \cdot 66,45 = 21,18$ кг.

Шлакқа қосылатын SiO₂ мөлшері: $21,18 - 1,6 = 19,58$ кг.

Сонда шихтаға қосылатын кварц кенінің мөлшері: $\frac{19,58 \cdot 100}{83,62} = 23,42$ кг.

Кварц кенімен бірге шлакқа келесі компоненттер өтеді:

Al₂O₃ – $0,0617 \cdot 23,42 = 1,45$ кг;

MgO – $0,0166 \cdot 23,42 = 0,39$ кг;

FeO – $0,063 \cdot 23,42 = 1,48$ кг (1,15 кг Fe; 0,33 кг O₂).

Басқаларының саны: $0,0225 \cdot 23,42 = 0,53$ кг шлакқа өтеді.

Шихтаға флюсті есеппен қосқанда шлакта түзілетіндер:

Fe – $24,24 + 1,15 = 25,39$ кг;

O – $7,52 + 0,33 = 7,85$ кг;

SiO₂ – $1,6 + 19,58 + 0,02 = 21,2$ кг;

Al₂O₃ – $0,3 + 0,13 + 1,45 = 1,88$ кг;

CaO – $0,35 + 1,87 = 2,22$ кг;

MgO – $0,5 + 0,02 + 0,39 = 0,91$ кг;

басқалары – $0,30 + 0,05 + 0,53 = 0,88$ кг.

Шлактың көмір қоспасынсыз құрамы мен мөлшері 8-кестеде көрсетілген

8- кесте –Шлак құрамы

Компонент	Cu	Fe	Pb	Zn	S	O ₂	SiO ₂	CaO	MgO	Al ₂ O ₃	Басқалар	Барлығы
Кг	0,57	24,24	1,94	1,77	0,14	7,52	1,6	0,35	0,5	0,3	0,38	39,31
%	1,45	61,66	4,94	4,5	0,36	19,13	4,07	0,90	1,27	0,76	0,96	100

Газ құрамы мен үрлеуді есептейміз. Десульфуризация процесінде газға өтетін күкірттің мөлшері 23,52 кг құрайды.

Күкірттің тің қышқылдануына кететін оттегінің шығыны:

$$\frac{23,52 \cdot 32}{32,06} = 23,48 \text{ кг.}$$

$$\text{Осыдан SO}_2 \text{ қалыптасуы: } 23,52 + 23,48 = 47 \text{ кг немесе } \frac{47 \cdot 22,4}{64,06} = 16,43 \text{ нм}^3.$$

Балқытуда оттегінің шығындалуы: $0,33 + 7,85 + 23,48 = 31,66$ кг.

Оттегі шығынының көлемі қалыпты шартта түзіледі:

$$\frac{31,66 \cdot 22,4}{32} = 22,16 \text{ нм}^3.$$

Температура бірқалыпты сақталу үшін пешке шихтаның құрамына 2,35% концентраттар мен флюстің есебінен жүретін көмір қосылады .

Көмір келесі құрамды құрайды, % (масс.): C- 73,5; H-9,33; Al₂O₃- 3,1; MgO - 0,25; SiO₂ - 8,0; CaO -0,29; басқалары -5,3. Көмірдің ылғалдылығы -13 %.

$$\text{Пешке тиелетін көмірдің мөлшері: } \frac{125,81 \cdot 2,35}{100} = 2,96 \text{ кг.}$$

$$\text{Пешке тиелген көмірдің ылғалдылық массасы: } \frac{2,96 \cdot 100}{87} = 3,4 \text{ кг.}$$

$$\text{Көмірде ылғалдың түзілуі: } 3,4 - 2,96 = 0,44 \text{ кг немесе } \frac{0,44 \cdot 22,4}{18} = 0,55 \text{ нм}^3.$$

$$\text{Күкірттің көмірде H}_2\text{S түрінде байланысады деп есептейік. Көмірдегі күкірттің массасы: } \frac{0,5 \cdot 2,96}{100} = 0,015 \text{ кг.}$$

$$\text{Көмірдегі H}_2\text{S мөлшері: } \frac{0,015 \cdot 34,06}{32,06} = 0,016 \text{ кг.}$$

$$\text{H}_2\text{S-пен сутегі массасының байланысы: } 0,016 - 0,015 = 0,001 \text{ кг.}$$

$$\text{Көмірдегі барлық сутегінің құрамы: } \frac{9,33 \cdot 3}{100} = 0,28 \text{ кг.}$$

Көмірдегі қалған сутегі массасы CH₄ түрінде байланысады :

$$0,28 - 0,001 = 0,27 \text{ кг.}$$


$$\text{Онда көміртегі массасының CH}_4 \text{ байланысы: } \frac{0,27 \cdot 12}{4} = 0,81 \text{ кг.}$$

Көмірдегі метан байланысы: $0,27 + 0,81 = 1,08$ кг.

Көмірдегі көміртегінің жалпы мөлшері: $\frac{2,96 \cdot 73,5}{100} = 2,17$ кг.

Көмірдегі еркін көміртегінің мөлшері: $2,17 - 0,81 = 1,36$ кг.

Күкірттің тісугегінің жануы келесі реакция бойынша жүзеге асады:



Жану кезінде оттегінің шығыны:

$$\frac{0,016 \cdot 1,5 \cdot 32}{34} = 0,02 \text{ кг немесе } \frac{0,02 \cdot 22,4}{32} = 0,01 \text{ нм}^3.$$

Осыдан SO_2 түзіледі: $\frac{0,016 \cdot 64,06}{34} = 0,03$ кг ($0,015$ кг S; $0,015$ кг O_2) немесе $\frac{0,03 \cdot 22,4}{64,06} = 0,01 \text{ нм}^3 \text{ SO}_2$.

Ылғалдылық: $\frac{0,016 \cdot 18}{16} = 0,02$ кг немесе $\frac{0,02 \cdot 22,4}{18} = 0,02 \text{ нм}^3$.

Метанның жануы келесі реакция бойынша жүзеге асады:



Метанның жануы кезінде оттегінің шығыны: $\frac{1,35 \cdot 2 \cdot 32}{16} = 5,4$ кг немесе $\frac{5,4 \cdot 22,4}{32} = 3,78 \text{ нм}^3$.

Осыдан CO_2 түзілуі: $\frac{1,35 \cdot 44}{16} = 3,71$ кг немесе $\frac{3,71 \cdot 22,4}{44} = 1,89 \text{ нм}^3$.

H_2O түзілуі: $\frac{1,35 \cdot 2 \cdot 18}{16} = 3,04$ кг немесе $\frac{3,04 \cdot 22,4}{18} = 3,78 \text{ нм}^3$.

Көмір көміртегінің жануы келесі реакция бойынша жүзеге асады:



Көміртегі шығыны: $\frac{1,36 \cdot 32}{12} = 3,63$ кг немесе $\frac{3,63 \cdot 22,4}{32} = 2,54 \text{ нм}^3$.

CO_2 түзілуі: $\frac{1,36 \cdot 44}{12} = 4,99$ кг немесе $\frac{4,99 \cdot 22,4}{44} = 2,5 \text{ нм}^3$.

Көмірдің жануы кезіндегі шығыны: $6,33 \text{ нм}^3$ немесе $\frac{6,33 \cdot 32}{22,4} = 9,04 \text{ кг O}_2$.

Осыдан $0,01 \text{ нм}^3 \text{ SO}_2$, $4,39 \text{ нм}^3 \text{ CO}_2$ және $4,35 \text{ нм}^3 \text{ H}_2\text{O}$ түзіледі.

Көмірде түзілетіндер:

$\text{Al}_2\text{O}_3 - 2,96 \cdot 0,031 = 0,09$ кг;

$\text{MgO} - 2,96 \cdot 0,0025 = 0,01$ кг;

$\text{SiO}_2 - 2,96 \cdot 0,08 = 0,24$ кг;

$\text{CaO} - 2,96 \cdot 0,0029 = 0,01$ кг;

басқалары – $2,96 \cdot 0,0533 = 0,16$ кг.

Бұл компоненттер шлакқа өтеді деп есептейік. Балқу пешінен электропешке жіберілетін шлактың құрамы мен мөлшерін 9-кестеге құрамыз.

9- кесте – Балқу пешінен электропешке жіберілетін шлактың құрамы

Компо- нент	Cu	Fe	Pb	Zn	S	O ₂	SiO ₂	CaO	MgO	Al ₂ O ₃	Басқалары	Барлығы
Кг	0,57	25,39	1,94	1,77	0,14	7,85	20,59	2,25	0,79	2,09	1,08	64,46
%	0,88	39,39	3,01	2,75	0,22	12,18	31,94	3,49	1,23	3,24	1,68	100

Алынған шлакта шлак компоненттерінің өзара қатынастары келтірілген:

$$\text{SiO}_2 : \text{Fe} = 0,85 \text{ және } \text{SiO}_2 : \text{Ca} = 9,15.$$

Технологиялық регламентте балқу процесіне келесі шекті қатынастарды қолданады:

$$\text{Егер } \text{SiO}_2 : \text{Fe} = 0,8 - 0,9, \text{ онда } \text{SiO}_2 : \text{Ca} = 7 - 15.$$

Осылайша, алынған шлак балқу процесінің технологиялық регламентіне қолданылады.

Балқу шығынына кететін оттегінің мөлшері: $21,84 + 6,33 = 28,17 \text{ нм}^3$.

Балқу процесінде 55% байытылған оттегіні үрлейді .

$$100 \text{ кг концентратқа үрлеу көлемі: } \frac{28,17 \cdot 100}{55} = 51,22 \text{ нм}^3.$$

$$\text{Үрлеу кезіндегі азоттың көлемі: } 51,22 - 28,17 = 23,05 \text{ нм}^3.$$

Үрлеуге 95% O₂ және 5% N₂ құрайтын ауа және технологиялық оттегі қолданылады. Тепе-теңдік балансын құрамыз:

$$V_{\text{т.о.}} + V_{\text{ауа}} = 51,22,$$

$$0,95 \cdot V_{\text{т.о.}} + 0,21 \cdot V_{\text{ауа}} = 28,17.$$

Теңдікті шешкенде алатынымыз:

$$V_{\text{т.о.}} = 23,53 \text{ нм}^3 \text{ және } V_{\text{ауа}} = 27,69 \text{ нм}^3.$$

Ауа үрлеуде азоттың құрамы:

$$27,69 \cdot 0,79 = 21,87 \text{ нм}^3 \text{ N}_2 \text{ немесе } 21,87 \cdot 1,2505 = 27,35 \text{ кг.}$$

және оттегінің:

$$28,17 \cdot 0,21 = 5,91 \text{ нм}^3 \text{ O}_2 \text{ немесе } 5,91 \cdot 1,429 = 8,44 \text{ кг.}$$

Техникалық оттегі құрамы:

$$23,53 \cdot 0,05 = 1,18 \text{ нм}^3 \text{ N}_2 \text{ немесе } 1,18 \cdot 1,2505 = 1,47 \text{ кг.}$$

және көміртегі:

$$23,53 \cdot 0,95 = 22,35 \text{ нм}^3 \text{ O}_2 \text{ немесе } 22,35 \cdot 1,429 = 32,19 \text{ кг.}$$

Балқымаға келесідей ылғалды материалдар түседі: концентрат – 8 %, әктас – 2,3 %, кварц кені – 6 %.

Онда пешке ылғалды концентраттар түседі:

$$\frac{100 \cdot 100}{92} = 108,7 \text{ кг, сондай мөлшерде ылғал } 8,7 \text{ кг.}$$

әктас ылғалдылығы:

$$\frac{3,47 \cdot 100}{97,7} = 3,55 \text{ кг, сондай мөлшерде ылғал } 0,08 \text{ кг.}$$

және ылғалды кварц кені: $\frac{22,34 \cdot 100}{94} = 23,76 \text{ кг, сондай мөлшерде ылғал } 1,39 \text{ кг.}$

Пешке шихта материалдарымен бірге ылғалдылық беріледі:
 $8,7 + 1,39 + 0,08 = 10,17 \text{ кг.}$

түзілетіні: $\frac{10,17 \cdot 22,4}{18} = 12,66 \text{ нм}^3.$

Пешке әктаспен бірге $1,58 \text{ кг CO}_2$ беріледі: $\frac{1,58 \cdot 22,4}{44} = 0,80 \text{ нм}^3.$

10-кестеде ауаның үрленуінсіз балқыма пешіндегі газ шығыны келтірілген.

10- кесте – Шығындалатын газдың құрамы

Компонент	Газдың көлемі, нм ³	Құрамы, %
SO ₂	16,28	26,81
N ₂	23,05	37,95
H ₂ O	17,01	28,01
CO ₂	4,39	7,23
Барлығы	60,73	100

Шанның шығынын есепке алмағандағы балқу процесінің материалдық балансы 11-кестеде берілген.

Шанның шығынын есепке алғандағы балқу процесінің материалдық балансы есебін шығарамыз. Пештен шаңның шығуы шлак түзуші оксидте 5% мөлшерде болады деп қабылдайық. Сонда шлак түзуші оксидтің шаңдағы метал мөлшері:

$$\text{SiO}_2 - 21,47 \cdot 0,05 = 1,07 \text{ кг;}$$

$$\text{Al}_2\text{O}_3 - 1,92 \cdot 0,05 = 0,1 \text{ кг;}$$

$$\text{MgO} - 0,92 \cdot 0,05 = 0,05 \text{ кг;}$$

$$\text{CaO} - 1,88 \cdot 0,05 = 0,1 \text{ кг.}$$

Шлактан шаңға 7% Pb, 3% Zn, 3% Fe өтеді деп есептейік. Шаңға өтетіні:

$$1,94 \cdot 0,05 = 0,1 \text{ кг Pb, оттегімен байланысы } \frac{0,1 \cdot 16}{207} = 0,01 \text{ кг;}$$

$$1,77 \cdot 0,03 = 0,05 \text{ кг Zn, оттегімен байланысы } \frac{0,05 \cdot 16}{65,38} = 0,01 \text{ кг;}$$

$$25,39 \cdot 0,03 = 0,76 \text{ кг Fe, оттегімен байланысы } \frac{0,76 \cdot 16}{55,85} = 0,22 \text{ кг.}$$

11 - кесте – Балку процесінің материалдық балансы

Шихта	Барлығы, кг	Cu	Fe	Pb	Zn	O ₂	S	SiO ₂	Al ₂ O ₃	MgO	CaO	N ₂	C*	H*	H ₂ O	CO ₂	Басқалар
Концентрат	108,7	28,5	26,8	3,87	2,53		35,3	1,6	0,3	0,5	0,35				8,7		0,84
Өктас	3,55							0,05	0,13	0,02	1,87				0,08	1,58	0,04
Кварц кені	23,76		1,08			0,33		19,58	1,45	0,39					1,39		0,5
Көмір	3,4						0,01	0,24	0,09	0,01	0,01		2,17	0,28	0,44		0,16
Ауа	35,79					8,44						27,35					
Техникалық оттегі	33,66					32,19						1,47					
Барлығы	208,86	28,5	24,88	3,87	2,53	40,96	35,31	21,47	1,92	0,92	1,88	28,82	2,17	0,28	9,61	1,58	1,54
Шлак	63,41	0,57	25,39	1,94	1,77	7,85	0,14	20,59	1,92	0,92	1,88						1,08
Штейн	45,73	27,93	2,56	1,94	0,76	0,33	11,64										0,46
Газдар	98,85					31,5	23,3					30,5	2,17	0,28	9,61	1,58	
Барлығы	207,99	28,5	27,92	1,94	2,53	39,68	11,78	20,59	2,09	0,79	2,25	30,5	2,17	0,28	9,61	2,51	1,54
Ескерту: 1 С* – газдық фазада СО ₂ түрінде кездеседі; 2 Н* – газдық фазада Н ₂ О түрінде кездеседі.																	

Штейннен шаңға 3 % Pb, 3 % Zn, 3 % Fe, 3 % Cu өтеді деп есептейік.
Шаңға өтетіні:

$$1,94 \cdot 0,03 = 0,06 \text{ кг Pb, күкірттің пен байланысы } \frac{0,06 \cdot 32,06}{207} = 0,01 \text{ кг;}$$

$$0,87 \cdot 0,03 = 0,03 \text{ кг Zn, күкірттің пен байланысы } \frac{0,03 \cdot 32,06}{65,38} = 0,01 \text{ кг;}$$

$$2,56 \cdot 0,03 = 0,08 \text{ кг Fe, күкірттің пен байланысы } \frac{0,08 \cdot 32,06}{55,05} = 0,05 \text{ кг;}$$

$$27,93 \cdot 0,03 = 0,84 \text{ кг Cu, күкірттің пен байланысы } \frac{0,84 \cdot 7,08}{32,06} = 0,19 \text{ кг.}$$

Балқу процесіндегі шаңның құрамы мен мөлшері 12-кестеде берілген.

12- кесте – Балқу процесіндегі шаңның құрамы мен мөлшері

Компо- нент	Барлығы	Cu	Fe	Pb	Zn	O ₂	S	SiO ₂	Al ₂ O ₃	MgO	CaO	Басқалары
кг	3,72	0,84	0,76	0,16	0,09	0,23	0,26	1,07	0,08	0,05	0,1	0,08
%, масс.	100	22,58	20,43	4,30	2,42	6,18	6,99	28,76	2,15	1,34	2,69	2,16

Пеште өнімнің балқыған кезде шығатын шаңнын есебінен балқыманың материалдық балансын 13- кестеге жазамыз.

3.2 Жылулық баланс есебі

Есептеуге қажетті көрсеткіштер. Жылу сыйымдылығын балқу компоненттеріне есептейміз.

$$C_{шт.} = 0,941 \text{ кДж/(кг·град.)},$$

$$C_{шл.} = 1,42 \text{ кДж/(кг·град.)},$$

$$C_{ших.} = 0,84 \text{ кДж/(кг·град.)},$$

$$C_{CO_2} = 2,201 \text{ кДж/(нм}^3\text{·град.)},$$

$$C_{SO_2} = 2,234 \text{ кДж/(нм}^3\text{·град.)},$$

$$C_{N_2} = 1,389 \text{ кДж/(нм}^3\text{·град.)},$$

$$C_{H_2O(газ)} = 1,724 \text{ кДж/(нм}^3\text{·град.)},$$

$$C_{H_2O(ж)} = 4,186 \text{ кДж/(кг·град.)},$$

$$C_{O_2} = 1,308 \text{ кДж/(нм}^3\text{·град.)},$$

$$C_{воз.} = 1,297 \text{ кДж/(нм}^3\text{·град.)}.$$

– судың булану жылуы–2300 кДж/кг;

– пешке түсетін материал температурасы – 25 °С;

– штейннің шығу температурасы – 1180 °С;


– шлақтың шығу температурасы – 1180 °С;

– газдың шығу температурасы – 1180 °С.

13-кесте– Балқу процесінің материалдық балансы

Шихта	Барлығы, кг	Cu	Fe	Pb	Zn	O ₂	S	SiO ₂	Al ₂ O ₃	MgO	CaO	N ₂	C*	H*	H ₂ O	CO ₂	Басқалары
Жүктелгені																	
Концентрат	108,7	28,5	26,8	3,87	2,53		35,3	1,6	0,3	0,5	0,35				8,7		0,84
Эктас	3,55							0,05	0,13	0,02	1,87				0,08	1,58	0,04
Кварц кені	23,76		1,08			0,33		19,58	1,45	0,39					1,39		0,5
Көмір	3,4						0,01	0,24	0,09	0,01	0,01		2,17	0,28	0,44		0,16
Ауа	35,79					8,44						27,35					
